

# **Топырақтану – топырақ туралы ғылым**

Тапсырма: Топырақтанудың негізгі даму  
этаптары

Мақсаты мен мазмұны: Топырақтанудың көне замандардан қазіргі кезге дейінгі даму ерекшеліктерімен таныс болу керек. Ғылымға ерекше еңбек сіңірген және оның негізгі бағыттарын дамытқан танымал топырақтанушыларды білу керек.

# Топырақтану

- Топырақ — табиғат компоненттерінің бірі.  
Жердің геологиялық тарихында алдымен пайда болған топырақ.

Топырақтану - топырақ жамылғысын зерттейтін ғылымы - жас ғылым. Оның негізін салған ХІХ ғасырдың 80-жылдары орыс ғалымы В. В. Докучаев - топырақтың *табиғи* және *тарихи* дене екенін анықтады.



- Топырақ туралы алғашқы білімнің дами бастауы өте ерте заманнан, жер бетінде адамдардың егіншілікпен шұғылдана бастаған уақытымен сәйкес басталып, одан кейін егіншілік туралы білімнің әрі қарай дами түсуімен байланысты болып отырды. Бірақ ертеде көптеген уақыт бойы адамдар топырақ туралы тек қана жекелеген мағлұматтар жинап, оның қасиеттеріне бақылау ғана жүргізіп отырды.

- Алғашқы топырақ туралы білімнің жүйеге келтіріліп сипатталуы біздің дәуірге дейінгі VIII ғасырымен біздің дәуірдің III ғасыры аралығында Грек–Рим цивилизациясы кезінде басталды. Осы кезеңде топырақ туралы көптеген мағлұматтар жиналып гректің, Римнің ғұлама, ойшыл философтарының трактаттарында баяндалды. Әр жер ауданында дамыған топырақтардың ерекшеліктері туралы, оларды түрлі егіншілік жүйесінде пайдалану жөнінде ой толғап, топырақты топтарға жіктеудің алғашқы талпынысы жасалды. Әсіресе Рим ойшылдары Катонның, Варронның, Вергилийдің және Колумелланың еңбектері–кең қауымға белгілі болды. Солардың ішінде Колумелланың жазған дүние жүзіндегі бірінші ауыл шаруашылық энциклопедиясы–«Ауыл шаруашылығы туралы трактат» атты еңбегінде ол топырақтың құнарлылығы жөнінде, оны топтарға жіктеу, топырақты өңдеп-баптау, тыңайту мәселелері хақында мол мағлұмат берді.

- Топырақтанудың XVIII ғасырда дамуына неміс ғалымы Н.А.Кюльбельдің «Топырақтың құнарлылығы туралы кітабы» (1740ж.), француз оқымыстысы А.Тюргоның топырақтың құнарлығының кемуі туралы ілімі (1766ж.), швед ғалымы Н.Валериустың топырақтың қарашіріндісін зерттеп, өсімдіктердің қарашіріндімен қоректену ілімін (1761ж.) жазуы және Германияда Ф. Ахардттың шымтезектен сілтілермен шайуы арқылы қарашірінді ерітіндісін алып, оны күкірт қышқылымен тұндырып алуы (1786ж.) еңбектері үлкен үлес қосты.



- Еуропа егіншілігінде ХІХ ғасырда капиталистік өндірістік қатынастардың дамуы кезінде топырақтанудың агрогеологиялық және агромедени-химиялық бағыттары қалыптасып дамыған кезеңі болды. Осы кезеңде М.Г. Вольнидің., А.Д.Теердің., Г.Дэвидтің., М.Г. Павловтың., Я. Берцелиустың., Ю. Либихтың., Ж.Б. Буссенгоның агрохимия ғылымының негізін қалаған еңбектері жарық көрді.